

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ
НАУК РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
Қазақстан Республикасының
педагогикалық университетінің
Абая

THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
Abai Kazakh National Pedagogical
University

PUBLISHED SINCE 1944

4 (398)

JULY – AUGUST 2022

ALMATY, NAS RK

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:

БИЛЯЛОВ Дархан Нұрланұлы, PhD, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 4**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мықтыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н = 2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2022

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансент Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:

БИЛЯЛОВ Дархан Нурланович, PhD, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального педагогического университета им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 4**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязгат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: ООО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2022

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

DEPUTY CHIEF DIRECTOR:

BILYALOV Darkhan Nurlanovich, Ph.D, Honorary Member of NAS RK, Rector of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASYMOVA Alma Yessimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 4**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2022

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

https://doi.org/10.32014/2518-1467_2022_398_4_201-214

**А.К. Шашаев, А.Т. Селкебаева, Н.Н. Құрманалина,
М.А. Шашаева, Р.Ж. Мрзабаева***

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
Алматы, Қазақстан;

²ҚР Ұлттық Ғылым академиясы, Алматы, Қазақстан.

E-mail: *rosh85@mail.ru*

**Н.СӘБИТОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ОЧЕРКІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

Аннотация. Мақалада Н. Сәбитовтың тарихи-мәдени сала бойынша жазылған «Мектебы и медресе у казахов (историко-педагогический очерк)» («Қазақтардағы мектептер мен медреселер») деген еңбегіне талдау жасалады. Н. Сәбитовтың ғылыми зерттеуінде медреселердің салыну жолдары, қаржыландыру мәселесі, сәулеттік ерекшелігі, ішкі құрылысына Орта Азия мен Еділ татарлары арасындағы ерекшеліктеріне тоқтала отырып, олардың қамтамасыз етілуіне кеңірек түсінік беріледі. Атап айтқанда Орта Азиядағы ірі медреселер сыйға берілген вакуфтық мүліктерден түскен кірістер арқылы қамтамасыз етілетін. Н. Сәбитов мысал ретінде Түркістан Статистика бөлімінің мәліметін келтірген. Н. Сәбитов деректерге жүгіне отырып, медреселер мен мектептердің шығу тегін қарастыра келе, патшалық Ресейдегі оқу орындарынан олардың өзіндік бір ерекшелігі: тұрмыс-тіршілікке бейімсіздігін, діндарлығын, жаттандылық, шәкірттердің ынта-жігеріне жол бермеушілігін, молдалардың қадірменділігіне шек келтірмеуге болмайтындығы, дене жазалары қолданылатындығын және т.б. айтуға болатынын баяндаған.

Түйін сөздер. педагогика, білім, мектеп, медресе, вакуф, молда, мешіт, тарих, тәрбие.

**А.К. Шашаев, А.Т. Селкебаева, Н.Н. Курманалина,
М.А. Шашаева, Р.Ж. Мрзабаева***

¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан;

²Национальная академия наук РК, Алматы, Казахстан.

E-mail: *rosh85@mail.ru*

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОЧЕРКА Н.САБИТОВА

Аннотация. В статье анализируется работа Н. Сабитова по историко-культурной сфере «Мектебі және медресе у казахов (историко-педагогический очерк)» («Школы и медресе у казахов»). В научном исследовании Н. Сабитова дается более широкое представление об обеспечении медресе, говоря о путях его строительства, вопросах финансирования, архитектурных особенностях, особенностях внутреннего строительства между среднеазиатскими и волжскими татарами. В частности, крупные медресе в Средней Азии обеспечивались доходами от пожертвованного вакуфного имущества. В качестве примера Сабитов привел данные Туркестанского Статистического отдела. Н. Сабитов, ссылаясь на данные, указывал, что, рассматривая происхождение медресе и школ, из учебных заведений в царской России можно выделить несколько их отличительных особенностей: жизнестойкость, религиозность, заученность, недопустимость энтузиазма учеников, непоколебимость мулл, применение телесных наказаний и др.

Ключевые слова. педагогика, образование, школа, медресе, вакуф, молда, мечеть, история, воспитание.

**A.K. Shashaev, A.T. Serkebayeva, N.N. Kurmanalina,
M.A. Shalaeva, R.J. Mrzabayeva***

Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan;
National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Almaty,
Kazakhstan.

E-mail: *rosh85@mail.ru*

THE MAIN DIRECTIONS OF N. SABITOV'S PEDAGOGICAL ESSAY

Abstract. The article analyzes the work of N.Sabitov on the historical and cultural sphere "mektebi zhane madrasah among the Kazakhs (historical

and pedagogical essay)" ("schools and madrasahs among the Kazakhs"). N. Sabitov's scientific research gives a broader idea of the provision of the madrasah, speaking about the ways of its construction, financing issues, architectural features, features of internal construction between Central Asian and Volga Tatars. In particular, large madrasahs in Central Asia were provided with income from donated waqf property. As an example, Sabitov cited the data of the Turkestan Statistical Department. N. Sabitov, referring to the data, pointed out that, considering the origin of madrasahs and schools, one of their distinctive features can be distinguished from educational institutions in tsarist Russia: resilience, religiosity, memorization, inadmissibility of enthusiasm of students, steadfastness of mullahs, the use of corporal punishment, etc.

Key words. pedagogy, education, school, madrasah, waqf, mold, mosque, history, education.

Кіріспе. Қазіргі кездегі Қазақстанда ұлттық бірегейліктің идеологиялық қалыптасуы, егемендіктің нығаюы, көрші мемлекеттермен, халықтармен байланыстың кеңеюі және т.б. болып жатыр. Бұл үдерістердің барлығы да ұлттық рухтың қайта өрлеуі жағдайында, әлемдік және ұлттық-мәдени тәжірибенің дәстүрлі түрде сәйкестенуінде өтуде (мысалы, Еуразияшылдық идеясы). Осыған байланысты екі мәдени жүйе: Еуразиялық және Азиялық жүйенің қақтығысуындағы Қазақстанның рухани-мәдени даму аймағында оның тарихының өзгерісті кезеңіндегі тарихи өткенін зерттеу ерекше маңызға ие болады.

Қазақстанда білім берудің дамуы мәселелері, ерекше жағдайда оның отарлануы кезеңінде зерттелінбеді деп айтуға болмайды. Керісінше, білім беру мәселелерінің әртүрлі қырларына, жекелей алғанда кеңестік тарих ғылымы ерекше көңіл бөлді. Бірақ та зерттеушілердің басым көпшілігі көбінесе бірінғай бағытпен шектеледі, болмаса қандай да бір мұсылмандық, зайырлы немесе зиялылар қауымының ең көрнекті өкілдерінің ағартушылық қызметін зерттеумен шектелді.

Бұдан басқа, белгілі идеологиялық сарынға негізделген зерттелуі де басты сипатқа ие болды. Көптеген мәселелер бойынша ғылыми зерттеулердің нәтижелері жан-жақты талдауды, қолда бар құжаттарды жаңадан қарастыру мен сұрыптап шығуды, сонымен қатар бұрын пайдаланылмаған жаңа материалдарды айналымға енгізуді талап етеді.

XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басында Қазақстанда бұрын кеңестік тарих ғылымында терең зерттеу нысаны болып табылмайтын мектептер, медреселер, шіркеулік – қауымдық мектептер мәселесі бар еді. Тәуелсіз мемлекетті қалыптастыру жағдайында біз бұл мәселеге қайта оралуға мүмкіндік алдық, өйткені ол теориялық қана емес, білім беру жүйесін ұйымдастыру тарихында тәжірибелік маңызға ие.

Мұсылмандық қоғам үшін дәстүрлі болып табылатын мектептер мен медреселердегі білім беру жүйесі Қазақстанда Ресейдің отаршылдығына дейін қалыптасқан еді. Бұл үрдіс исламның Орталық Азияға енуімен және оның нығаюымен байланысты болды. Мешіттер діни және іс жүзіндегі барлық рухани өмірдің орталықтары бола отырып, мұсылмандық табынушылық үшін діни кадрлар даярлауға келіп тірелетін білім берудің кең тарауында үлкен рөл ойнады. Қазақстанның территориясындағы ислам дінінің өзі ортаазиялық хандықтарға қарағанда аздаған көлемде ғана таралған болатын. Көшпелі өмір салты қарапайым қазақтардың арасында мұсылманшылықтың танымал болмауының негізгі себептерінің бірі болып табылады.

Біз өзіміздің зерттеу нысанамыз ретінде Н. Сәбитовтың тарихи-мәдени сала бойынша жазылған «Мектебы и медресе у казахов (историко-педагогический очерк)» («Қазақтардағы мектептер мен медреселер») деген еңбегіне ерекше тоқталуды жөн көрдік [1, 90]. Н. Сәбитов өзінің бұл тарихи-педагогикалық еңбегін жазуға түрткі болған себептердің негізгісі осы тақырып төңірегіндегі еңбектердің жоқтығының орнын толтыру және жас тарихшылар мен педагогтарға революцияға дейінгі қазақтардың мәдени даму деңгейін зерттеуде мектептер мен медреселердің өзіндік бір оқу орыны ретіндегі маңызын көрсетуді мақсат еткендігін айтады.

Материалдар мен әдістер. Н. Сәбитов ғылыми жұмысында мұрағат құжаттарын (Қазақ КСР Тарихи мұрағаттың 27, 90 қорларын) жекелеген облыстардың статистикалық шолуларын (Жетісу, Семей, Торғай, Ақмола, Орал, Сырдария), Халық ағарту министрлігі журналын (1906, № 2), «Айқап» журналын («Айқап». 1914, № 13, 215 б.) т.б. араб, татар тілдерінде күнделікті баспасөз материалдарын пайдаланған. Ал, зерттеу еңбектері ретінде: А. Алекторовтың [2, 189], В.В. Бартольдтың [3, 15], Н.А. Бобровниковтың [4, 81-82], Н.И. Ашмаринның [5, 7-8], А.К. Боровковтың [6, 5], М.П. Вяткинның [7, 388], А.И. Добромысловтың [8, 204], Я.Д. Кобловтың [9, 57] және т.б. еңбектерін қолданған.

Н. Сәбитов деректерге жүгіне отырып, медреселер мен мектептердің шығу тегін қарастыра келе, патшалық Ресейдегі оқу орындарынан олардың өзіндік бір ерекшелігі: тұрмыс-тіршілікке бейімсіздігін, діндарлығын, жаттандылық, шәкірттердің ынта-жігеріне жол бермеушілігін, молдалардың қадірменділігіне шек келтірмеуге болмайтындығы, дене жазалары қолданылатындығын және т.б. айтуға болатынын келтіреді.

Ғалым мектеп пен медреселердің басты міндеті исламды тарату мен араб әліпшесін үйрету болса, бұған әркімнің қаражаты мен мүмкіндігі бола бермегендігін, кемшіліктері мен зиянын айта келе, бір пайдасы араб

әрпі арқылы Шығыстың классикалық әдебиеті (Низами, Науаи және басқа ақын, жазушылар шығармалары) тарала бастағанын атап кетеді.

Автор шығыстағы бастапқы және жоғары оқу орындары алғашында «медресе» деп аталғандығын көрсетеді. Мектептер тым кейінірек, балалардың жаппай оқуға беріле бастаған кезінен бастап пайда болады. Сонымен қатар, кейінгі дәуірде Орта Азияда «мектеп» деп бастапқы білім беру жүйесін (кейін бұрынғы Ресей империясындағы Еділ татарлары мен басқа халықтардағы «жаңа тәсілдік» оқу орындарын) атаған. Осы атаумен 1917 жылы дейін қазақтарда бастапқы (діни) оқу жүйесі аталған.

Зерттеу негізіне қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгеруін нақты зерттеуді талап ететін сыни және тарихилық әдістеме негізге алынды. Зерттеу барысында ғылыми ізденістің жалпы даму-танымдық әдістерімен бірге тарих ғылымындағы объективтілік, жүйелілік, талдау, салыстырмалы тарихи-талдау, тарихи оқиғалардың дамуын хронологиямен қабыстыру және тағы басқа тәсілдері басшылыққа алынды.

Зерттеу әдістерінің негізін мәтіндік-салыстырмалы және тарихи-салыстырмалы тәсілдер мен сыни талдау құрайды. Соның ішінде, тарихи шындықтың дерекке енуі және бейнеленуі, тарихи деректің әлеуметтік табиғаты, ондағы субъективтілік деңгейі, тарихи деректерді сыныптау, деректердің ғылыми құндылығын анықтау принциптері және тәсілдері негізге алынды.

Талқылау. Медреселер тарихына тоқталғанда, оның жоғары конфессиялық оқу орыны ретіндегі ғылыми еңбектерде аталмағандығын айтады. Олардың пайда болуы тікелей исламның шығуымен тығыз байланысты. Алғашқы оқыту кезінде мұсылман оқымыстылары мешіттерде немесе жекелеген тұрақтарда өздеріне түсініксіз ұғымдарды түсіндіруді талап еткен жекелеген адамдармен аяттарды талдаумен айналысқан. Кейінірек үлкен мешіттерде баяндамалар жасау құқына белгілі тәртіптер енгізіледі: арнайы дінтану факультеттері пайда болады. Солардың ішінде X ғасырда Каирде тұрғызылған Азхар мешітіндегі медресе кең танылған еді.

Қазақ жеріндегі мешіттерді дала деректері арқылы зерттеп, оны көпшілікке таныстыруда С. Әжіғалидың ғылыми зерттеулері аса маңызды мәлімет көзі болып табылады [10, 49-64]. Осы ғалымның Солтүстік Үстірттегі (Доңызтау) зерттелген XIX ғасырдағы мешіттері (мектептер) Н. Сәбитовтың монографиясындағы пікірлер мен ойларына жақсы мысал, дәлел бола алады.

Бұдан кейінірек дінтануға арнап, арнайы құрылыстар, студенттерге арналған қонақ бөлме, дәріс, оқу бөлмелері салына бастады. Мысалы,

осындай діни оқу орындары Бағдат, Алеппо, Дамаск т.б. Шығыс қалаларында болды. Бұдан шығатын қорытынды медреселер шын мәніндегі арнайы оқу орыны ретінде Шығыста тек X-XI ғасырларда дінтанудың дамуымен байланысты болды. Оған дейін олар мешіттер мен арнайы бөлмелерде оқытылатын. (Мысалы, ежелгі еврейлер мен христиандар балаларды синагога мен шіркеуде оқытқаны сияқты). Қоғамдық өмірдің барлық жағын діни тұрғыдан түсіндіруге ұмтылған медреселер де алдыңғы қатарлы идеялар мен ақыл-ойға тежеу салушы болды.

Медреселердің Орта Азияда кең тарала бастаған уақыты XV-XVIII ғасырларға жатады. Алғашқы ірі медреселерді айтар болсақ, Самарқан қаласындағы Ұлықбек (1420 жылы салынған) және Ширдор (1618 жылы), Бұхарадағы Мир-араб (1534 жылы) және Көкілташ (1569 жылы).

Н. Сәбитовтың ғылыми зерттеуінде медреселердің салыну жолдары, қаржыландыру мәселесі, сәулеттік ерекшелігі, ішкі құрылысына Орта Азия мен Еділ татарлары арасындағы ерекшеліктеріне тоқтала отырып, олардың қамтамасыз етілуіне кеңірек түсінік беріледі. Атап айтқанда Орта Азиядағы ірі медреселер сыйға берілген вакуфтық мүліктерден түскен кірістер арқылы қамтамасыз етілетін. Н. Сәбитов мысал ретінде Түркістан Статистика бөлімінің мәліметін келтірген [11, 8]. Вакуфтық шаруашылықта – иелік жер, құрылыс және өндіріс орындары керуен сарайлар, дүкендер, монша, диірмендері т.б. болды. Мысалы, «Тіллә-кәри» және «Ширдор» (Самарқан) медреселері 1874 жылы өз қарамағында көлемі 11 610 танап болатын 25 участок жері, жалпы жылына 38 000 теңге болатын 8 дүкенге иелік етті. Ұлықбек медресесі 400 танап жері бар бір участокқа, 2 базарға, жылдық 3 950 теңгелік 211 дүкенге қожалық етті.

Вакуфтық мүліктер медреселерге мәңгілікке берілетін, сонда оны қайтарып алу мүмкін болмады. Бұл табыстарға медреселермен қатар мешіттер, мазарлар т.б. қайырымдылық орындары қаржыландыратын. Олар шәкірттердің ас-ауқатына, қажетіне жұмсалатын, бірақ та олардың басым бөлігі оқытушы – дін басылар иелігіне өтетін.

Н. Сәбитов Орта Азияда медреселердің қаражат көзі тек қана вакуфтық мүліктерден түсетін қаржыдан ғана екен деп қарауға болмайтындығын, мемлекет тарапынан арнайы тағайындалған салықтар арқылы (харадж және танап) қамтамасыз етілгенін де көрсетеді. Дерек көзі ретінде Ф. Керенскийдің еңбегін алады.

Медреселерге жалпы басшылық ертеректе шейх-ул-исламдар мен қазылардың қолында, ал олардың меңгерушілері а'лямиондар мен мутавалли-басшыларына жүктеледі. А'лямиондар негізінен хан

қазынасынан қаржыландырылып, медресенің оқу қызметіне басшылық жасады. Ал мутавалли-басшылары вакуфтық кірістен қаржы алып, медресенің шаруашылығына жауап берді. Қазақ медреселері негізінен халықтан ерікті қайыр-садақадан түсетін қаржылармен қамтамасыз етілетін. Ерікті қайырымдылық қорлары зекет, пітірден т.б. құралатын.

Қазақтарда вакуфтық мүлік болмаған. Мектеп және медреселердің ішкі құрылысы да қарапайым болған, қыстауларда бос үйлерде, жайлау мен күзеуде киіз үйлерде сабақ өткізілген. Оқу құралы ретінде «Шараит-ул-иман» немесе «Иман шарт» пайдаланылды. Онда 28 араб әрпі 8 ойдан шығарылған сөз, әр түрлі аяттар мен діни салттарға арналған Құран сүрелері, діни қағидалар берілген. Бәрі араб тілінде болды, оның мағынасын шәкірттер түгілі молдалардың өздері де білмейтін еді. Сондықтан оны шәкірттер құрғақ жаттаумен айналысты.

Н. Сәбитов өз зерттеуінде шәкірттер «Шараит-ул-иманды» меңгергеннен кейін «хавтиякқа» – Құранның жетіден бір бөлігін жаттауға көшетін. «Хавтиякты» (қазақша – әптиек) (хавт-парсы сөзі-«жеті», яқ-«бір») бітірген соң Құран оқытылатын. Құранды оқыту арқылы исламның негізгі қағидаларын баяндайтын және араб, түркі кітаптары арқылы басты салт-дәстүрлік тәртіптермен таныстырылатын. Солардың ішінен мыналарды ерекше атап өтуге болады: «Бадауам», «Ахир-заман», «Фазаил-уш-шухур», «Истуани», «Қырық-хадис», «Шурут-ус-салат», «Та’лим-ус-салат», «Фикху-Кайдани». Жоғарыда аталған шығармалардың алғашқы төртеуі – түркі тілінде болса, қалған төртеуі – араб тілінде [12, 23-24]. Молдалар мен мұғалімдер білімді негізінен Бұхарадағы діни орталықтан алатын. Біршама бөлігі Орта Азия мен Еділ бойы татарлары медреселерінде білім алғандар болды. Жергілікті молдалардың көпшілігі шеткі аймақтардағы ортаң қолды медреселерден хат танығандар еді. XIX ғасырдың аяғына таман қазақтар Орал мен Еділ жағалауындағы қалаларда (Орынбор, Қазан, Уфа) «жаңа тәсілдік» («Жәдидшілдік») мектептерден білім алуға ұмтыла бастады.

Нәтижелері. Қоғам дамуындағы капиталистік қатынастардың орын алуы идеологиялық өмірде өзгерістерге кең жол ашты. Ескі ортағасырлық тәсілмен оқытылатын медреселер мен мектептер тәртібі ұлттық буржуазияның мүддесіне сай келмеді. «Татар капиталы өзінің өндірістік даму жолына түсті. Ауылдағы және қаладағы экономикалық қатынастар капиталистік сипатқа ие болды. Бірақ татарлардың идеологиялық өмірі феодалдық кезең деңгейінде қалып қойды» [13, 186-187]. Яғни адамдардың санасының дамуы экономика дамуынан кенжелеп қалды. Міне, сондықтан да «жаңа тәсілдік» мектептердің жақтастары жаңа үлгідегі мектеп пен медреселерді ашу арқылы мәдени кенжелікті жоюға

ұмтылды. Олар ескі мектептер мен медреселердің орнына жаңаларын ашып, азаматтық пәндерді (география, тарих, арифметика, дүниетану, орыс тілі т.б.) оқытуды талап етті.

Н. Сәбитов өз зерттеуін жалғастыра келе, бірақ бұл ағымға (жәдидшілдікке) қарсы шыққандар да табылды деп атап көрсетеді. Бұлар көбінесе ескі тәртіптерді жақтаған молдалар еді. Олар кезкелген жаңалықтарды, медреселер мен мектептерге өзгерістер мен азаматтық пәндерді енгізу мұсылмандықтан ауытқу деп түсіндірді. Нәтижесінде «жаңа тәсілдік» мектептерді жақтаушылар мен қарсы шығушылар арасында шиеленіскен күрес басталды.

Көптеген кедергілерге қарамастан ірі қалаларда «жаңа тәсілдік» медреселер ашыла бастады. Орынборда А. Хұсайнов өз қаражатына «Медресе-и Хусайния» атты жаңа тәсілдегі медресе ашты. Осы тәріздес медреселер Уфада «Медресе-и Галия», Қазанда «Медресе-и Мухаммедия», Троицкіде «Медресе-и Расулия» ашылып, сауатты мұғалімдер дайындай бастады.

«Жаңа тәсілдік» (жәдидтік) мектептер енгізу айналасындағы таластар Орта Азияны да қамтыды. Нәтижесінде Орта Азияның бірнеше аудандарында (Сырдария, Самарқан т.б.) дінмен қатар азаматтық пәндер оқытылатын «жаңа тәсілдегі» мектептер мен медреселер ашыла бастады. Қазақтарда ескі мектептердің орнына 1900 жылы бастап «жаңа тәсілдік» мектептер ашыла бастағанын көруге болады. Мысалы, 1900 жылы 30 мектептің (Түркістан қаласындағы) екеуі «жаңа тәсілмен» оқытуға көшкен. 1903 жылы Қазалыдағы ескі мектеп «жаңа тәсілдік» болып өзгертілген. 1905 жылы бастап Перовскіде (қазіргі Қызылорда) арнайы татар «жаңа тәсілдік» мектебі ашылады. Осындай құбылыстар қазақ жерінің басқа да қалаларында кең қанат жаяды: Верныйда, Семейде, Ақмолада, Қызылжарда (Петропавловск), Қостанайда, Оралда, Ақтөбеде т.б. елді мекендерге таралды.

Енді осы мектептер мен медреселердегі оқулықтар мәселесіне тоқталатын болсақ, Н. Сәбитов өз еңбегінде «жаңа тәсілдік» мектептерде жаңа оқулықтар енгізілгеніне тоқталады. Татар тіліндегі оқулықтар: «Му’аллим эввел» («Алғашқы мұғалім») және «Му’аллим сани» («Екінші мұғалім»); қазақ оқулықтары «Қазақ әліппесі», және «Қазақша әліпби». Осы оқулықтар арқылы шәкірттерді жазу мен оқуға үйретті. Арифметика мен тарих пәндері де оқытыла бастады.

Діни пәндерді оқытуда қысқартып жазылған оқулықтар: «Бед’ул-маариф» («Білім бастауы»), «Иман-и’тикад» («Сенім мен құлшылық ету»), «Иман ма’насы» («Сенім мағынасы») татар және қазақ тілдерінде оқытыла бастады.

Н. Сәбитов сонымен қатар жаңа заман лебіне ілескен мектептер мен медреселерде кейбір азаматтық пәндер: математика, дүниетану, жағрапия т.б. қоса араб филологиясын: таджив (фонетика), сарф (морфология), наху (синтаксис) оқытылғанын көрсетеді. Кейбір «жаңа тәсілдік» мектептерде сирек те болса орыс тілі оқытылды. Бірақ бұл барлық жерде бірдей болмады. Алыс елді мекендердегі татар, қазақ және тағы басқа халықтардағы «жаңа тәсілдік» мектептерді сипаттай келе, Н. Сәбитов мынадай қорытындыға келуге болады дейді: «жаңа буржуазия ұлттық аймақтардағы өзінің дамуының кенжелігі нәтижесінде билік етуші ұлт басшылары тарапынан сайлау құқықтарының шектеулі, тілдік кедергілер, мектептердің қысқартылуы т.б. қысымдарға ұшырауы нәтижесінде қарсы шаралар жасауға итермелейді. Бұның бәрі олардың өз ұлтының өкілі ретінде, тұрғындардың қалған бөлігін өз жақтарына тартуға ұмтылады. Бұл олардың белгілі білім деңгейіне ие болуына итермелейді» [14, 31].

Қазақтардағы мектептер мен медреселердің өсуі мен дамуы жайында нақты мәліметтер жоқ. Расында, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жарық көрген Қазақстанның жекелеген облыстарының статистикалық шолуларында біраз сандық мәліметтер беріледі, бірақта олар толық емес және дәлдік жағы да ақсап жатады. Н. Сәбитов осыны айта келе, сол мәліметтерден үзінді береді: «Жетісу облысында 1891 жылы 1251 оқушысы бар 64 мектеп пен медресе болды (Жетісу облысы бойынша 1891 жылғы шолу, 80 б.), ал 1895 жылы – 9 086 оқушысымен 74 (осы облыс бойынша 1895 жылғы шолу, 62 б.), 1897 жылы – 12 835 оқушысымен 88 мектеп пен медресе болды (1897 жылғы шолу, 20 б.).

Семей облысында 1884 жылы 615 оқушысы бар 10 мектеп пен медресе бар (Семей облысы бойынша 1884 жылғы шолу, № 8 ведомость), ал 1888 жылы 761 оқушысымен 12 (1888 жылғы шолу, № 8 ведомость), 1895 жылы 900 оқушысымен 17 (1895 жылғы шолу, № 8 ведомость) мектеп пен медресе болды.

Торғай облысында 1894 жылы 457 оқушысымен 59 мектеп пен медресе бар еді. Ал, 1911 жылы 340 оқушысымен 13 (1911 жылғы бастауыш мектептердегі бір күндік санақ нәтижесі, XVI шығарылым, 138 б.) мектептер мен медреселер болды.

Ақмола облысында 1896 жылы 547 оқушысы бар 13 мектеп пен медресе болды (Ақмола облысы бойынша 1896 жылғы шолу, № 8 ведомость), ал 1898 жылы 425 оқушысы бар 11 (1898 жылғы шолу, № 8 ведомость), 1907 жылы 970 оқушысымен 15 (1907 жылғы шолу, № 9 ведомость) мектеп пен медресе бар еді.

Орал облысында 1896 жылы 4 926 оқушысы бар 206 мектеп пен

медресе болды (Орал облысы бойынша 1896 жылы шолу, № 12 ведомость), ал 1897 жылы 4113 оқушысымен 198 мектеп пен медресе бар еді (1898 жылғы шолу, № 14 ведомость).

Сырдария облысында (Ташкент, Шымкент, Әулиеата, Түркістан, Перовск және Қазалы уездері, сонымен бірге Әмудария бөлімін қосқанда) 1892 жылы 27082 оқушысы бар 1497 мектеп пен 35 медресе болды (Сырдария облысы бойынша 1892 жылғы шолу, 171 б.), ал 1893 жылы 28868 оқушысымен 2458 мектеп пен 34 медресе болған (1893 жылғы шолу, 127 б.), 1895 жылы 28898 оқушысы бар 2409 мектеп пен 34 медресе болды (1895 жылғы шолу, 165 б.)» [15, 63].

Н. Сәбитов жоғарыдағыларды талдай келе, мектептер мен медреселер жайындағы мәліметтердің әр түрлі екендігін айтады. Бір облыстар бойынша толық болса, екіншісі бойынша мардымсыз деп атап көрсетеді.

